

М. РАЙЫМБЕКҰЛЫ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ПОЭТИКАЛЫҚ ТІЛ

Кез-келген халықтың ұлттық тілінде көркем әдебиет тілінің өте маңызды орын алатыны мәлім. Көркем әдебиет тілі немесе көркем шығарма тілі халық тілінің дамып, жетіле, байи, ұстара түсуіне аса зор үлеске ие. Осы орайда ұлттық тілді дамытатын нақты да айқын факторлардың бірі ретінде белгілі бір кезеңге тиесілі, жекелеген аса ықпалды әдеби қайраткерлердің, суреткерлердің (жазушының, ақынның) шығармашылығындағы поэтикалық тіл ерекшеліктерін кезеңдік тұрғыдан саралап, сараптап тұруды тіпті қоғамдық маңызы бар дүние дер едік. Бұл туралы белгілі орыс ақыны әдебиетші, Нобель сыйлығының лауреаты И. Бродскийдің бір сұхбатында айтқан мына бір сөзі өте орынды деп ойлаймыз: «Шындап келгенде, ақынуың бір ғана жақсы жазудан басқа ешқандай міндеті жоқ. Егер қандай да бір парыз туралы байсалды сөз қозғай қалсақ, оның қоғам алдындағы парызы да осы болмақ. Өйткені, ақынды қоғам тағайындамайды, сондықтан да қоғам оған қандай да бір міндеттілік жүктемейді. Қоғам тілін пайдалана отырып, сол тілде шығармаларын тудырып, әсіресе жақсы шығармалар тудырып, ақын қоғамға бір табан жақындай түскендей болады. Алайда, ақын қоғам алдында өлең жазуға міндетті болмағанмен, қоғам үшін оны оқу парыз болмақ, өйткені, поэзия шын мәнінде лингвистикалық міндеттілік болып табылады. Және егер ақын қоғамға бір табан жақындай түссе, қоғам да ақынға жақындай түсуі керек.» (1,4) Ендеше, жалпы әдеби процесс нәтижесінің нақты да деректі бір нышаны – поэтикалық тіл ерекшеліктерін талдау – тексеру, жекелей алып зерттеу қажеттілігі дау тудырмауға тиіс.

Біздің қазіргі қазақ поэзиясындағы поэтикалық тіл ерекшеліктеріне арнайы тоқталу мақсатымыз да дәл бүгінгі қазақ өлеңіндегі сол көркемдік, шеберлік сырын ашу негізгі міндетіміз. Алдымен осы «поэтикалық тіл» деген термин білдіретін ұғымның өзін байыптап алған жөн. Әдебиет терминдерінің сөздігінде Аталмыш терминнің лингвистиканың, поэтиканың және стилистиканың термині ретінде бірнеше мағынада қолданылатыны көрсетілген. Олар: 1) «көркем шығарманың тілі», яғни стилистика термині ретінде жалпы көркем әдеби тіл деген мағынада береді; 2) «поэтикалық тіл» деген тіркестегі «поэтикалық (поэтический) деген сын есімнің сапалық мағынасындағы, бағалану, бейнелі мәніндегі қолданысы, яғни көркем тіл»; 3) «өлең тілі» деген тіркестің синонимі, яғни, поэзия тілі немесе өлеңмен жазылған шығарма тілі. (2. 481, 720)

«Поэзия» ұғымының өзі ғасырлар бойы тарихи тұрғыдан өзгеріп, бүгінде аясы кеңейе түскені мәлім. Бұл мағынадағы «поэтикалық тіл» бір кезде проза тіліне қаттысыз, тек тікелей өлеңмен жазылған шығармаларға ғана тән атау ретінде қабылданған. Сондықтан да оның ұғымдық аясы қазіргі

түсініктегі поэзияның өзін түгел қамтыған тар шеңберде қалып қойды. Поэтикалық тілдің бұл мағынасы негізінен әдебиетте көркем тілдің жұмсалудың белгілі бір оқшау, тұйық жүйесімен шектелген тар ұғымға сайды. Поэтикалық тіл бұндай жалпы өлең тілі мағынасында кейде әлі де қолданылады. Бұларға қоса қатар қолданылатын жарыспалы атаулар ретінде көркем тіл, образды тіл, бейнелі тіл, т.б. тіркестерді тізіп келтіре беруге болады.

Ахмет Байтұрсынов былай дейді: «Шығарма тілі екі түрлі болады: 1. ақын тілі. 2. Әншейін тіл. Ақын тілі – ақшһһһһ өң беріліп айтылған сөз; әншейін тіл ондай өң берілмей, жай айтылған сөз. Ақын тілмен сөйлегенде сөзге айырықша өң берілгендіктен лебіз көрнекті болып шығады. Әншейін тілмен сөйлегенде сөзге өзгеше өң берілмегендіктен, лебіз сида, жалаңаш болып шығады. Сондықтан алдыңғысы көрнекті лебіз делініп, соңғысы жалаң (я көсе) лебіз делініп айтылады. Ақын тілі сөздің дұрыстығының, тазалығының, дәлдігінің үстіне көрнекі, әуезді болу жағын да талғайды» (3.150) Осында айтылған «ақын тіл көрнекті лебіз» дегендер біздің қазіргі ұғыммыздағы поэтикалық тілге сәйкес келеді. Поэтикалық тілдің өзі кең ұғым. Оның аясына бүкіл бейнелеу (көркемдік образ) жүйесі және сол бағыттағы жазушының, ақынның жеке ізденіс фактілері (лексиконы, стилистикалық өрнектері, тіпті интонациалық- мелодикалық әдіс – тәсілдеріне дейін) кіреді. Демек, поэтикалық тіл – поэтикалық-стилистикалық функциядағы, үнемі даму, өзгеріс, қимыл үстіндегі тіл, поэтикалық тәсілдердің тұтас жүйесі

20-ғасырдың 1990-2006 жылдарындағы қазақ лирикасындағы поэтикалық тілдің қатты өзгешеленіп, күрт өзгере бастауы байқалды деуге болады. Ол – қоғамдағы әлеуметтік оқиғалар мен тарихи-саяси жағдайларға байланысты қоғамдық санадағы, ұлттық санадағы түбегейлі өзгерістер, жаңарулар мен түлеулерге тікелей қатысы бар заңды үрдіс. 90 жылдарда бұрын әлеуметтік тақырыпқа астар ретінде қызмет еткен жекебасылық жайттардың адамның жан дүниесіне, ішкі әлеміне бойлаған терең де табиғи қырлары көбірек өлең өзегіне айналып, лирикалық поэзия өзінің шын мәніндегі лирикалық-психологиялық табиғатын таба бастады деуге болады. Бір сөзбен айтқанда, 1990-2006 жылдар поэзиясындағы тақырыптық - идеялық жаңарулар мен түлеулер, сосын мазмұндық сапалар аталмыш кезең лирикасындағы поэтикалық тілдің күрт өзгешеленудің негізгі факторына айналды. Өзінің ішкі әлеміне мейілінше терең үңіліп, сол арқылы замандастарының жан-дүниесін, арман-мұратын, парсат –пайымын, эстетикалық талғамын еркінірек, көрнекірек білдіре бастаған, жаңа сапалық деңгейде бой көрсеткен лирикалық кейіпкер өз толғаныстарымен бірге поэзиямызға өзінің жаңа поэтикалық тілін де алып келді деуге болады.

Қазіргі қазақ поэзиясындағы дерексіз ұғымдарды заттандыру, жансызға жан бітіру, тілсізді сөйлету, тіпті дерексіз дүниелердің өзіне тіл

бітіру тәсілдерінің аса көп, бұрынғы кезеңдерден де әлдеқайда кең қолданылып, мейілінше өрістеуі. Бұның да негізінде тақырыптық-идеялық тереңдеулер жатқанын аңғаруға болады. Өйткені, психологиялық, философиялық лириканың негізгі нысандары – ой, қиял, бақыт, өмір, сезім (Сағыныш, аңсау, мұң, үміт, арман, қайғы, үрей, қуаныш) секілді көзбен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстауға болмайтын абстрактылы нәрселер, дерексіз ұғымдыр мен құбылыстарды суреттеудің әсерін аса күшейту үшін оларды заттандыру, жандандыру тәсілдеріне жүгіну – өте ұтымды әдіс.

Қазіргі қазақ поэзиясындағы көркемдік тәсілдер мен бейнелеу құралдарының қолдануындағы ерекшелік, олардың барлығына ортақ сипат – неғұрлым күрделілік, интеллектуалды поэзияға тән көпқырлылық. Көркемдік тәсілдер мен бейнелеу құралдарының барлығы да қазіргі қазақ өлеңінде бір –бірімен араласып, біріне –бірі және бір мақсатқа қызмет етіп тұрған күрделі құрылымда жиі бас қосатыны байқалады. Олардың жеке - дара тұруы, жалаң түрде келуі, әрине, бұрынғыдай әлі де көп кездеседі, дегенмен қазір олардың қай- қайсысының да жаппай күрделі формада араласа, қабаттаса қолданылу үрді қалыптаса бастағанын байқамау мүмкін емес. Бұл – жаңа, күрделі поэтикалық тіл пайда бола бастады деген сөз. Жоғарыда айтылған дерексізді заттандыру тәсілінің қолданылуынан да көп мысал келтіре аламыз. Мәселен, аталмыш тәсілге жиі жүгініп, оны күрделі түрде әрі шебер қолдана білген ақын Маралтай Райымбекұлы өлеңдерінен төмендегідей үлгі –үзінділерді талдап көрелік:

Қара түн құлайды баурына алып даланы,
Күрең нұр көкжиек көзінде мелдеп тұр,
Қатқан қан сияқты.

Жұлдыздар қаралы... ғаламның
бетінде жаралы (4.28) Ай

Алынған мысалдардағы заттанып тұрған абстрактылы, дерексіз нәрсе мұң, үміт. Дерексіз мұңға түннің даланы бауырына алу арқылы ақын оны тек қана жандандырып қана отырған жоқ, сонымен бірге оған түннің қараңғылығын әсерлеп те отыр. Нәтижесінде қара түн бейнесін тудырып отырған қайғы – мұңның әсері тіпті күшейе түскендей. Өлеңнің екі тармағына да бірнеше тәсілдер мен бейнелеу құралдары тоғысып тұр, олар: дерексізді нақтылау, кейіптеу және әсерлеу. Екінші жолдағы «Күрең нұр» мен «Қатқан қан сияқты» теңеу өзара бірлікте алынып, «жұлдыздар қаралы» деп адам санасына образды түрде әрі психологиялық әсермен жеткізуге қызмет етіп тұр.

Ақын лирикасында қарастыратын бір тарабы, ол – құбылыс пен мезетті сөйлету тәсілі. Құбылыс пен мезеттің қозғалысын бейнелеу арқылы жүрек қылын шерту. Ақынның үнінен естілер әуен. Табиғатпен тамырлас адам болмысының рух әлемі сол бастауынан әсте қол үзбейді. Қуану мен қайғыру, мұңаю мен шаттану, шерлену, күлу мен жылау сияқты көңіл күй

құбылыстарының мезгіл мезет суретімен үндегіре, ауыстыра, егіздей бейнелеу – шын мәніндегі өлеңнің қалыптасып келе жатқан қағидасы секілді. Өйткені оның өзегінде шындықпен біте қайнасқан бірлік бар. *Күңгірт көңілім// Сұрғылт тартқан бейуаққа!* деп терең мұңға шомған ұлы Абай да жанына жақын сырласты табиғаттан таппқан. Дәстүр жалғастығымен Маралтай да қатпарлы мол жан дүниесіндегі сезім әрекетін табиғаттағы құбылыс арқылы бейнелеуде өзіндік өрнек қалыптастырған. Ақынның табиғаттағы құбылыс пен затты назарға ала отырып, тұтас әрекеттер тізбегі арқылы адам болмысының ішкі сырларын сөзбен кескіндеген төмендегі өлеңіне тоқталайық.

Жұлдыз едің,
Мәлт етгің жанарымнан,
Аппақ айдың дақ көрдім анарынан.
Еңіреп кеп құлады қара түнім,
Қарагүлдің құшақтап сағағынан (4.80)

Табиғаттың нәзік те әдемі көрінісі – жұлдыз адамның ішкі әлемінің бейнесіне аусқан. Ақын сүйгенін жұлдызға теңеп, бірақ қош айтысқан махаббатың, көңілдегі кірбінді «аппақ айдың дақ көрдім анарына» деп көркемдік-бейнелік тәсілмен бейнелеген. Жұлдыз, ай арқылы нәзік мұң әуенін шертеді. Бұл өлеңдегі кейіпкерлер – жұлдыз, ай, түн, қаргүл лирикалық қаһарман. Өлеңнің өзегі – сезім. Мұң – қара түн мен қарагүл. Осы эпитеттер арқылы ақын ішкі жан дүниесінің күйініші мен толқынысын бейнелеп отыр. Осы екі лирикалық нысаның бір-біріне қарым – қатынасы арқылы жан әлеміндегі тартыс аңғарылады.

Жалт ете қап, жоқ болдың
қас -қағымда,
Кілт айналды дүние басқа ағымға...
Періштелер дүрлігіп той жасап жүр,
Алатаудың Ай қадап асқарына (4.80)

Періштелердің Алатауға ай қадап жүрген әрекеті қазіргі қазақ поэзиясындағы іденістен туған жаңа бейне деуімізге болады. Шынайы сезімнің ішкі әлемдегі әрекетін оқырманды барынша әсерлендірер суретті сөзбен бейнелейді. Суреткер көзі көріп, түйсігі сезінген құбылыс қана шынайы туындыға айналатыны белгілі. Біз нысанаға алып отырған өлеңдегі оқиға – ақынның көңіл көзі түйсініп, сезінген шындық Тұтастай алғанда метафоралфқ сипаттағы өлеңде жекелеген суреттеулер, айқындалар мен әректтер ауыспалы мағынада қолданылып, туындының идеялық-бейнелілік мазмұнын ашуға қызмет еткен. Адамға тән іс-әрекетті, ой мен сезімді табиғатқа тели суреттейтін кейіптеу тәсілнің көркемдік мүмкіндігі ақындық таным мен шеберлік әбден өңделіп, танылған.

энциклопедический словарь / Под.ред. Л. Тимофеева. – Москва: Сов энцик, 1987 – 720 с.

3. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Шығармалары. –Алматы: Жазушы 1989.- 320 б.

4. Райымбекұлы М. Ай. Алматы: Жазушы, 2001 ж.

Резюме

В данной статье рассматривается поэзия М.Райымбекулы, анализируется новаторство и новизна современной казахской поэзии. Раскрываются особенностей поэтики молодых поэтов, вклад поэтов в развитие казахской поэзии, поэтические особенности стихов и поэм.

Resume

In the article consideration has been given to the poetry of the young poet M.Raiymbekuly , innovation and novelty of the modern Kazakh poetry has been analyzed. Apart from that, special features of poetry by the young Kazakh poets, their contribution to the Kazakh poetry development and poetic peculiarities of Kazakh poems and verses have been revealed.

Д.Т. КӨПТЛЕУОВА

Филология ғылымдарының кандидаты,

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті

ИРАК ӘДЕБИЕТІНДЕГІ РОМАНТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ МОДЕРНИСТІК АҒЫМДАР

Араб әдебиеті өз дамуында негізінен еуропалық әдебиеттердің тарихын сипаттайтын кезеңдерден өтті, дегенмен араб елдерінің экономикалық-әлеуметтік дамуы отарлық тәуелділікпен байланысты болғандықтан, өткен ғасырдың 70-80 жылдарында мәдени артта қалушылық пен әлемдік әдеби үрдістен хронологиялық тұрғыда артта қалуымен сипатталды. Дегенмен араб әдебиеті мен батыс әдебиетінің арасындағы ұқсастықтарды табуға кедергі бола алмайды. Араб шығысында, соның ішінде Ирактағы романтизм мектептерінің пайда болуы дворяндық мәдениеттен өнеркәсіптік-буржуазиялық өтпелі кезеңінде еуропалық мемлекеттерде пайда болған романтизм мектептерінің қалыптасуын қайталайды.

Иракта капиталистік даму мүмкіндіктері мемлекетті екінші дүниежүзілік соғыстан кейін ағылшын әскерлері басып алып, оны ағылшындардың мандаттық еліне айналдырғаннан кейін пайда болды. Сол кезде Иракта екі үрдіс қатарынан жүріп тұрды, олар ирак қоғамының бір бөлігі құрастырған мәдениеттің көркін анықтайтын (халықтың көп бөлігі – шаруалар мен бәдәуилер – қауымдық өмір салтын сақтап қалып,